

2020-2021 жылдарға арналған Солдатово ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі Жоспарды бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 46/419-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 8206 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңының 8, 13- баптарына сәйкес, Катонқарағай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2020-2021 жылдарға арналған Солдатово ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі Жоспар осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Катонқарағай аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте осы шешімнің Шығыс Қазақстан облысы әділет Департаментінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Мәслихат хатшысы

Г. Агажаева

Д. Бралинов

Катонқарағай

аудандық мәслихаты

2020 жылғы 25 желтоқсандағы

№ 46/419-VI шешіміне

қосымша

2020-2021 жылдарға арналған Солдатово ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі Жоспар

2020-2021 жылдарға арналған Солдатово ауылдық округі бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі Жоспар (бұдан әрі - Жоспар) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Зандарына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің

орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 15090 нөмірімен тіркелген) бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жуктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11064 нөмірімен тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жем - шөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызыбау мақсатында қабылданады.

Жоспар мазмұны:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Солдатово ауылдық округінің аумағында жайылымдардың орналасу сызба картасы (1-қосымша);

2) жайылым айналымдарының қолайлышы (2-қосымша);

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы (3-қосымша);

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу сызбасы (4-қосымша);

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру сызбасы (5-қосымша);

6) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюодың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі (6-қосымша).

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттең-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, олардың иелері-жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) занды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын қалыптастыру туралы мәліметтер, екпе және аридтік жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері, малды айдалап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер, мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) занды тұлғалар берген өзге де деректер ескеріле отырып қабылданды.

Әкімшілік-аумақтың бөлінуі бойынша Солдатово ауылдық округінде 1 елді мекен бар.

Солдатово ауылдық округі аумағының жалпы ауданы – 9352,45 га, соның ішінде: егістіктер – 2697,35 га, тыңайған жер – 50,0 га, шабындық – 1212,0 га, жайылымдық жерлер – 4856,84 га; басқа алқаптар – 536,26 га;

Санаттары бойынша жерлер бөлінеді:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 6866,45 га;

елді мекен жерлері – 2486,0 га.

Табиғи жағдайлары бойынша Солдатово таулы-дала, тау бөктеріндегі далалы қалыпты ылғалды аймаққа жатады. Климаты ылғалды және жылы. Жыл ішінде орташа алғанда 400-470 мм жауын-шашын түседі. Олардың ең көп саны тамыз айына келеді.

Топырақ негізінен таулы сілтісізденген қара, кәдімгі қара топырақты.

Солдатово ауылдық округінің аумағында 1 ветеринарлық пункт және 1 мал қорымы бар.

2020 жылдың 1 қаңтарына Солдатово ауылдық округінде (халықтың жеке ауласы және шаруа қожалығының мал басы) ірі қара мал 1835 бас, соның ішінде төлдейтін (сауынды) мал басы 936 бас, қой мен ешкі 1970 бас, жылқылар 1063 бас (1-кесте) есептелген.

Солдатово ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының саны туралы деректер

1-кесте

№	Елді мекендер	Халықтың мал басы				Шаруа және фермер қожалықтарының мал басы				Барлығы:			
		ірі қара мал		көй мен ешкі	жылқы бы	ірі қара мал		көй мен ешкіл ер	жылқы бы	ірі қара мал		көй мен ешкіл ер	жылқы
		барлығы	Соның ішінде: сауынды бы			барлығы	Соның ішінде: сауынды			барлығы	Соның ішінде: сауынды		
1	Солдатово	1136	539	1970	653	699	397	-	410	1835	936	1970	1063

Солдатово ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жайылымдық алқаптармен қамтамасыз ету үшін барлығы 3100,84 га, елді мекен шегінде 1756,0 га жайылым бар.

Жоғарыда баяндалғаның негізінде, "Жайылымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабына сәйкес елді мекеннің қолда бар жайылымдық алқаптарында 1617,0 га мөлшерінде ауыл шаруашылығы жануарларының аналық

(сауын) басын күтіп-ұстау бойынша жергілікті халықтың (Солдатово ауылы) мұқтажы үшін қажеттілік жоқ (2 -кесте).

2-кесте

--	--	--	--	--	--	--	--

№	Елді мекендер	Жайылымдар ауданы, (га)	Сауын сиырлардың болуы (бас)	Жайылымдардың 1 басқа қажетті нормасы (га)	Жайылымдар қажеттілігі,(га)	Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген (га)	Артылғаны, (га)
1	Солдатово	1756,0	539	3,0	1617,0	-	139,0

Жергілікті тұрғындардың басқа ауыл шаруашылық жануарларын жаю бойынша 5328,8 га көлемінде жайылымдық жер қажеттілігі бар. Iрі қара басына қалыпты жағдайдағы жүктемесі – 3,0 га/бас, қой мен ешкі – 0,6 га/бас, жылқылар – 3,6 га/бас (3-кесте).

3-кесте

№	Елді мекендер	Халыктын мал басы			Жайылымдардың 1 басқа қажетті нормасы (га)			Жайылымдар қажеттілігі,(га)			
		ірі қара мал	көй мен ешкі	жылқы	ірі қара мал	көй мен ешкі	жылқы	ірі қара мал	көй мен ешкі	жылқы	барлығы (га)
		Солдатово	597	1970	653	3,0	0,6	3,6	1791	1182	2350,8

Қалыптасқан 5323,8 га мөлшеріндегі жайылымдық алқаптардың қажеттілігін халықтың ауыл шаруашылығы жануарларын шалғайдағы жайылымдарда 5323,8 га – босалқы жерлерде жаю есебінен толықтыру қажет.

Солдатово ауылдық округінің шаруа және фермер қожалықтарындағы мал басы: ірі қара мал 699 бас, жылқылар 410 бас құрайды.

Шаруа және фермер қожалықтарындағы жайылымдар ауданы 3100,84 га құрайды (4-кесте).


Солдатово ауылдық округі бойынша ауыл шаруашылық өндірушілердің ауыл шаруашылығы жануарларын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу бойынша мәліметтер

4-кесте

Елді мекен атауы	Ауданы (га)	Мал түрлері бойынша колда бары, (бас)			Жайылымдардың 1 басқа қажетті нормасы (га)			Жайылымдар қажеттілігі,(га)				
		ірі қара мал	көй мен ешкі	жылқы	ірі қара мал	көй мен ешкі	жылқы	ірі қара мал	көй мен ешкі	жылқы	барлығы (га)	
		1	Солдатово	3100,84	699	-	410	3,0	0,6	3,6	2097	-

2020-2021 жылдарға арналған
Солдатово ауылдық округі
бойынша жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі Жоспарына
1-қосымша

Күкүң белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер участкерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде Солдатово ауылдық округінің аумағында жайылымдардың орналасу сызбасы (картасы)



Шартты белгілері:



Ауылдық округтер шекаралары



Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер санатының жайылымдары



Елді мекен жер санатының жайылымдары

Солдатово ауылдық округі аумағында жайылымдардың орналасу сыйбасы (картасына) қоса берілетін жер участкелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар тізімі

5-кесте.

№	Жер участкелері жер пайдаланушыларының атауы	жайылым ауданы, га	м а л басының болуы	қажет жайылым,	Жер участкелері жер пайдаланушыларының атауы
1	Босалқы жерлер	5323,8	жоқ	-	5323,8

2020-2021 жылдарға арналған
Солдатово ауылдық округі
бойынша жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі Жоспарына
2-қосымша


**Жайылым айналымдарының қолайлыштырылған сыйбасы Солдатово ауылдық округі үшін
қолайлыштырылған жайылым айналымының сыйбасы**

Жылдар	1 мал айдау	2 мал айдау	3 мал айдау	4 мал айдау
2020	көктем-жазғы 1-маусым	жазғы 2-маусым	күзгі 3-маусым	демалыс
2021	демалыс	көктем-жазғы 1-маусым	жазғы 2-маусым	күзгі 3-маусым

Ескертпе: 1, 2, 3, 4 – бір жылда мал айдаудың кезектілігі.

2020-2021 жылдарға арналған
Солдатово ауылдық округі
бойынша жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі Жоспарына
3-қосымша

Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен аландары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы



Шартты белгілері:



Ауылдық округтер шекаралары



Сыртқы және ішкі шекараларындағы маусымдық жайылымдар участкелері




Елді мекен жер санатының жайылымдары



сұат

2020-2021 жылдарға арналған
Солдатово ауылдық округі
бойынша жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі Жоспарына
4-қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (кеңдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу сызбасы



Шартты белгілері:




- мал жаю үшін ауыл шаруашылық өндірушілерге және жеке тұлғаларға берілген жайылымдар;



- жайылым пайдаланушылардың су көздеріне қол жетімділігі

2020-2021 жылдарға арналған
Солдатово ауылдық округі
бойынша жайылымдарды
басқару және оларды пайдалану
жөніндегі Жоспарына
5-қосымша

Жайылымы жоқ жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру сыйбасы



Шартты белгілері:



Жайылымдармен қамтамасыз етілмеген жеке және (немесе) занды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарлары басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру

2020-2021 жылдарға арналған Солдатово

ауылдық округі

бойынша жайылымдарды

басқару және оларды пайдалану

жөніндегі Жоспарына

6-қосымша

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюодың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі

Ауылдық округ	Малды жайылымға шыгару мерзімі	Малды шалғайдағы жайылымдардан қайтару мерзімі
Солдатово	сәуір-мамыр	қыркүйек-қазан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК